

4. В.В. Боджаева. Приоритеты инновационного развития агропромышленного комплекса региона // Вестник Алтайского государственного аграрного университета, 2009. – №10(60). – 116-120 с.

В статье рассмотрены точки зрения на сущность понятия «инновация», разработан подход к экономическому содержанию термина «инновация». Выявлены классификация инноваций, специфика, структура экономического механизма инновационной деятельности, условия и факторы инновационного развития агропромышленного комплекса.

The article is about the approach to the economic maintenance of the term "innovation". Classification of innovations, specificity, structure of the economic mechanism of innovative activity, a condition and factors of innovative development of agriculture, features of management of innovation processes in agriculture and priority directions of development of innovative potential are considered in the paper.

Р.Т. Дуламбаева, А.Е. Калиева

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТАЛДАУ


Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей әр мемлекет өз экономикасын дамытуға, халықаралық қатынастарын реттеуге және тұрақты да қалыпты халықаралық қатынастарды орнатуға тырысады.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мемлекеттің экономикалық әл-ауқаттылығын мойындату үдерісінде маңызды роль атқарады, бұл үдеріс өз кезегінде ішкі нарықтық институттарды реформалау мен жетілдіруді жеделдететін механизмдердің барлығын қолданусыз мүмкін емес. Экономиканың бәсекеге қабілетті моделін таңдау, басым бағыттар мен салаларды айқындау, бәсекелік қатынастар мен механизмдердің дамуына әсер ететін факторлар мен элементтерді сыртқы экономикалық бәсекеге қабілеттілік призмасы арқылы айқындау ұлттық шаруашылықтың экономикалық тиімділігін көтерудің өзекті мәселесі болып отыр.

Қазақстан Республикасы өз егемендігін жариялағаннан кейін жас мемлекетіміздің алдында ішкі және сыртқы сипаттағы күрделі мәселелер туындады. Осындай мәселелердің ішінде бәсекелестік және бәсекеге қабілеттілік мәселелерінің алатын орны зор болып келеді.

Бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету – бұл қоғам өмірінің тұрақтылығы мен тиімділігінің, тәуелсіздігінің кепілдігі. Бұл экономиканың қоғам, мемлекет пен тұлғаның маңызды қызметінің белгілі бір жағын анықтайды, яғни ұлттық бәсекеге қабілеттілік ұғымы да экономиканың өмір сүру қабілеттілігіне, мүмкін болатын сыртқы және ішкі қауіптерге төзімділігінің бағалануымен тікелей байланысты.

«Бәсекелестік» термині экономикалық теорияға латын тілінің «қақтығыс», «жарыс» деген мағынаны білдіретін «concurrentia» сөзінен енген. Экономикада бәсекелестік келесідей анықталады. «Бәсекелестік – белгілі-бір сирек игіліктерді қолданудың бірнеше альтернативті бағаттары бар және осы игілікті қолдану құқығы үшін өзара күресіп жүрген бірнеше адам топтары қызығушылық танытатын жағдай». /1/



Қайнар көзі: автормен құрастырылған

Бәсекеге қабілеттілік деңгейлері мен олардың өзара байланысы.

Бәсекелестік артықшылықтар – бірнеше деңгейлерде қарастыруға болатын көпжақты экономикалық категория болып келеді. Бұл тауарлардың, тауар өндірушілердің, салалардың және мемлекеттің бәсекелестік артықшылықтары. Барлық осы деңгейлердің арасында өзара тығыз байланыс бар: елдің бәсекелестік артықшылықтары аудандардың, салалардың, өндірістердің бәсекелестік артықшылықтарынан құралады. /2/

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі ұлттық шаруашылықтар мен оның субъектілерінің тиімді қызмет етуінің интегралданған, жалпы көрсеткіші болып табылады. Дамыған елдердің көпшілігінің экономикалық саясаттарының қазіргі кездегі негізгі парадигмасы – ұлттық бәсекеге қабілеттікті арттыру, жоғарылату.

Қазіргі таңда, халықаралық мамандармен ұлттық бәсекеге қабілеттілік индикаторларының көптеген жүйелері құрастырылған. Олар өзара бәсекеге қабілеттіліктің фундаментальді концепциялары бойынша, өздерінің мақсаттылығы бойынша және қолданылатын алгоритмдері бойынша ажыратылады.

Бәсекелестік, ең бастысы, бәсекелесу қабілеті. Бәсекелестік – нарықтық шаруашылықтың басты сипаттарының бірі. /3/

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі – жүйелік және динамикалық түсінік. Бүгінгі таңда, Қазақстан экономиканың көптеген секторларында тұрақты позицияларға қол жеткізгенде, экономиканың модернизациясына, ұлттық шаруашылықтардың жаһандану процесіне және әлеуметтік бағыттылған қоғамды дамытуға негізделген, сапалы бәсекеге қабілеттілікті дамыту мәселесі туындайды. /4/

Егер нақты мақсат, яғни Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу ел қатарына кіруі туралы айтатын болсақ, бұнда Дүниежүзілік Экономикалық Форумның (ДЭФ) Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің рейтингі бойынша жоғары жылжу ескеріледі. Қазіргі кезде қолданылып жүрген Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (The Global Competitiveness Index) 2006 жылы бұрын есепелген бәсекеге қабілеттілікті дамыту Индексінің (Growth Competitiveness Index) орнына келді. Жыл сайын ДЭФ Индексті есептеудің әдістемесін түзетіп отырады (қолданылатын көрсеткіштер құрамын кеңейтеді және талданатын мемлекеттер санын көбейтеді). /5, 58-61с./

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік бойынша мемлекеттер рейтингі бағаланатын, Дүниежүзілік Экономикалық Форумның әдістемесінде индикаторлардың үш тобы қолданылған:

- өндірістік ресурстар мен мемлекеттік басқару ресурстарын тиімді қолдануды бағалауды анықтайтын базалық индикаторлар. Олардың негізгілері болып келесілер табылады: жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің өсу қарқыны мен мемлекеттің ресурстық потенциалының өсу қарқыны (бірінші топ). Бірінші топ бойынша әлем елдерінің рейтингін бағалаудың басты критерийі – жан басына шаққандағы ЖІӨ.

- ресурстарды қолданудың тиімділігі мен интенсивтілігін білдіретін индикаторлар. Портер бойынша олардың негізгілері – еңбек, материалдық және негізгі капитал ресурстарын өндіру. Бірінші топ бойынша әлем елдерінің рейтингін бағалаудың басты критерийі – еңбек өндірісінің деңгейі.

- экономикада қолданылған ресурстардың (үшінші топ) өндірісінің даму қарқындылығының (жылдамдылығы) интенсивтілігін сипаттайтын инновациялық даму индикаторлары.

Жаһандану процесі ұлттық мемлекеттің әлемдік аренадағы орны мен рөлін жаңаша түсініп, қарауға мәжбүрледі. Жаһандану экономикалық егемендікке төніп тұрған қауіпті арттырады. Жаһандану шығындары мен пайдалары біркелкі емес таралады. Бір жағынан, еңбек өнімділігінің артуы, шығындардың қысқаруы, ауқаттылық пен табыстардың артуы, ал екінші жағынан белгісіздік жағдайы, тәуекелдер, коррупция, теңсіздік, кедейшілік артады. /6/

Осы теңсіздік мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінде, соның ішінде Әлемдік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде, көрініс табады.

ДЭФ-ның 2010-2011 жылғы рейтингінде ТМД елдері келесідей орындарды алып тұр: көшбасшы Әзірбайжан – 57 орын, Ресей – 63 орын, Қазақстан – 72 орын, Украина – 87 орын, Армения – 98 орын, Тәжікстан – 116 орын, Қырғызстан – 121 орын.

ТМД елдерінің бәсекеге қабілеттілік рейтингі

	Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі				
	2006-2007	2007-2008	2008-2009	2009-2010	2010-2011
Әзірбайжан	62	66	69	51	57
Ресей	59	58	51	63	63
Қазақстан	56	61	66	67	72
Украина	69	73	72	82	87
Армения	80	93	97	97	98
Тәжікстан	96	117	116	122	116
Қырғызстан	110	119	122	123	121

Қайнар көзі: The Global Competitiveness Report материалдары бойынша автормен құрастырылған /7/

Қазақстандағы бәсекелік нарық элементтері

1. Соңғы жылдары жүргізілген құрылымдық реформалар барлық салаларда бәсекеге қабілетті экономиканы құрудың тұрақты негізі болып табылады:

- Елдегі бағалық, саудалық және валюталық режимдер салыстырмалы либералды болып келеді, жеке сектор, мұнай секторында да, экономиканың басқа салаларында да инвестициялаудың негізгі үлесін және экономикалық қызметті жүзеге асыруда.

- Банктік, зейнетақылық және төлем жүйелері құрылған болатын, олар өз кезегінде жүйелі макроэкономикалық, фискалды саясатпен қосылып қорланудың жалпы деңгейінің өсуіне алып келді.

- Инфрақұрылымды реформалау элект қуаты және темір жол көлігі инфрақұрылымдарына тарады. Жеке жолдардың, әуежайлардың белсенді жөндеу жұмыстары және ирригациялық құрылыстар жүргізілуде.

- Институционалды тұрғыда мемлекеттік қызметтің тұрақтылығы және кәсіпқорлығын жоғарлатуға, сонымен қатар, қаржылық менеджмент пен салықтық әкімшілікті жаңартуда шаралар қолданылды.

2. Қазақстандық билік жүргізілген реформалардың мүмкіншілігін, минералды емес табиғи ресурстардың бай мүмкіншілігін (мысалы, ұлан-байтақ жайылымдар мен кара және түсті металдардың қорлары), елдің халық ресурстарының мүмкіншілігін және Батыс пен Шығыстың арасында стратегиялық орналасудың мүмкіншілігін өте жақсы түсінеді. Сонымен қатар, олар елдің әр түрлі салаларда өзінің негізгі сауда серіктестерінен (мысалы, Ресей) артқа қалып отырғанын түсінеді.

Нарықтық құрылымдардың бар болуы және олардың нарықтық бәсекелік жағдайында жұмыс істей алу мүмкіндігі елдің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды. Ал, ол өз кезегінде, халықаралық еңбек бөлінісі мен сауда бөлінісіне қатысуға мүмкіндік беретін, ұлттық экономиканың жағдайының және даму перспективасының көрсеткіші болып табылады.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатудың әдістері ретінде аймақтың, елдің әлемдік нарықтағы позицияларының жоғарылауына немесе төмендеуіне алып келетін факторларға әсер ету формалары түсініледі.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі – сыртқы параметрлерге қатысты экономиканың маңызды көрсеткіштерінің жағдайының бағалауын кешенді қамтитын салыстырмалы сипаттама. Осының нәтижесінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі халықаралық бәсекеде көрініс табады. Оның өзгерісі ЖІӨ-нің өсу қарқыны, еңбек өнімділігінің, еңбек ақының, елдегі барлық инвестициялардың ішіндегі шетелдік инвестициялар үлесінің, білім беру мен фундаментальді ғылымға кеткен шығындардың, жоғары технология салаларының, әлемдік экспорттағы үлестің өсу қарқыны сияқты көрсеткіштермен сипатталады.

Халықаралық бәсекелестік тек сыртқы нарықтарға ғана емес, сонымен қатар, ұлттық шекара шегінде шетелдік өндірушілерге жетекшілік ете алу мүмкіндігі бар ашық экономикадағы елдердің ішкі нарықтарына да қатысты болып келеді. Сондықтан, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің негізгі түсінігі ұлттық компаниялардың ішкі тұтынушыларды да, сыртқы тұтынушыларды да қанағаттандыратын және сапасы мен бағасы

бойынша шетелдік тауарлардан қалыспайтын тауарлар мен қызметтерді өндіруді түспалдайды. /8/

Нарықтық бәсекелестіктің өзгеруімен байланысты мемлекеттік саясаттың да мақсаттары өзгеріп отырды. Мұнда сыртқы экономикалық саясатты таңдауда мемлекеттік саясаттың бағытын таңдауда маңызды болып келеді. Ұлттық экономиканың дамуының өлшемі ретінде отандық өндірушілердің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі және олардың халықаралық еңбек бөлінісінде қатысуы есептелетіндіктен ұлттық бәсекелік артықшылықтарды құру мәселелесі ішкі нарықты өсіп келе жатқан халықаралық бәсекелестіктен протекционистік қорғау немесе сыртқы сауданы либерализациялау арасындағы таңдаумен байланысты. /8/

Бәсекелік артықшылықтардың қосымша көздерін айқындау мүмкіндігі туатын шетелдік фирмалардың бәсекеге қабілеттілігі стратегияларының негізгі қағидалары мен фирманың бәсекеге қабілеттілігінің потенциалын басқару әдістері:

- Біріншіден, технологияны жақсартудан және жаңашылдықты енгізуден болатын бәсекелік басымдылықтар. Жаңашылдық стратегиясы өнімді өндірумен байланысты кез-келген қызметті жанауы мүмкін. Жаңа технологиялар өндіріс шығындарын азайтады және өнім бағасы оның сапасын жоғарылатады. Сол себепті жаңа технологиялар олардың салыстырмалы басымдылықтардың бекітілуіне болысады. Жаңа өнімдерді өндіру нарық үшін күрестің, тұтынушыларды және жаңа сауда серіктестерді тартудың түп негізі болып табылады;

- Екіншіден, бәсекелік басымдылықтар ірі бәсекелестер нарықты игеру барысында мән бермеген нарықтың шағын, аз табысты және аз көлемді қуыстарында (ниша) құрылады;

- Үшіншіден, бәсекелік басымдылық үнемі жақсару арқасында ұсталып тұрады. Ол өз кезегінде жаңашылдықтарға үнемі салымдарды қажет етеді. Осылайша, бәсекелік басымдылықты кеңейтудің ұзақ мерзімді стратегиясы ұзақ бұзылмайтын болып табылады.

Жүргізілген экономиканы қайта құрылымдау мен бәсекені қорғау саясаты, ұлттық қаржылық-өндірістік топтардың құрылуы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауының қажетті шарты болып табылады. Барлық аталған әдістер ұлттық бәсекелік басымдылықтарды кеңейтуге мүмкіндік беретін қолайлы макроэкономикалық жағдайларды құруға бағытталған және баға бәсекелестігінен технологиялық процестер бәсекелестігіне динамикалық өтуге көмектеседі.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі нарықтық категория болып табылады және әдетте бәсекелік нарық жағдайларында әрекет ететін нақты тауар өндірушілер қызметімен байланыстырылады. Сәйкесінше, оның қамтамасыз етілуі мәселелері, ең бастысы, басқарудың макроэкономикалық деңгейі рақуымен анықталады. Бәсекелестік жағдайында фирмалардың әрекет етуі шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз етуге итермелейтіндіктен, осы процесс мазмұны мен оның ұйымдастырылуы кәсіпорынның экономикалық жағдайы мен оның даму деңгейіне байланысты болғандықтан бұл әдісті адал деп қабылдау қажет.

Сонымен бірге, өтпелі нарықтық экономикасы бар елдер үшін, соның ішінде Қазақстан Республикасы да, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтасыз етуге және жалпы экономикаға мемлекеттік әсер етуі одан кең болуы қажет. Бәсекелік әдіс ресурстарды рационалды қолдануды, өндірістік жүйелердің және жалпы экономиканың икемділігін қамтамасыз етеді.

Нарықтық құрылымдардың бар болуы және олардың нарықтық бәсекелестік жағдайында жұмыс істей алу қабілеті елдің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды. Ал, ол өз кезегінде елдің халықаралық еңбек бөлінісіне және саудаға қатысуға негіз болатын ұлттық экономиканың қазіргі жағдайы мен оның даму перспективаларының көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан Республикасының жоғары ұлттық басымдылығы болып тиімді экономиканы құру, халықтың өмір сүруінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету және әлемдік нарықта Қазақстанның өзіне лайық орынды жеңіп алу табылады. Осы мәселені шешуде ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету негізінде әлемдік экономикалық кеңістікке ел экономикасының интеграциялануына маңызды орын бөлінеді.

Бұл тұста, «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі – тиімді бәсекелік орта жағдайында экономиканың елде тауарлар мен қызметтерді өндіру, тұтыну және өткізу (іске асыру) қабілеті, сонымен қатар өзінің экспорттық мүмкіндіктерін өзінің жеке экономикалық

және инновациялық әлеуетін көтеруге қолдануы, сол арқылы халыққа жоғары өмір сапасын қамтамасыз ету қабілеті».

Бәсекеге қабілеттілікті көтерудің аймақтық саясаты аймақтық даму типіне байланысты дифференциациялануы керек. Елдің және аймақтар экономикасының бәсекеге қабілеттілігін көтеру механизмінің кілтті элементтері келесілер болуы тиіс: мемлекеттік сектор әріптестігі, корпоративті басқару, жоғары инновациялық белсенділік территорияларын құру, жүйелік құрылымдардың түрлері, олардың ішінде негізгі кластерлер болып табылады.

Қазақстан алдындағы елу бәсекеге қабілетті елдің қатарына қосылу мақсаты тұр, алайда елулікке кірудің ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің және қазақстандықтардың өмір сапасының жоғары деңгейлерін қамтамасыз ете алуы маңыздырақ мәселе болып табылады.

1. Экономика. Учебник /под ред. А.И.Архипова, А.Н. Нестеренко, А.К. Большакова. - М.: "Проспект", 1998. - 326 с.

2. Адрианов В.Д. Конкурентоспособность России в мировой экономике/В.Д. Адрианов//Мировая экономика и международные отношения.- 2000.- №3.- С. 17-57.

3. Ахметгалиев Б.Р. Конкурентоспособность экономики Казахстана: реалии и перспективы // Анализ и учет на предприятия. - 2004.- №4. - С. 4-7.

4. Абилкаиров А. Конкурентоспособность страны в условиях глобализации // ҚазЭУ Хабаршысы. – 2005. - №5. – С. 42-44

5. Фатхутдинов. Конкурентоспособность: Россия и мир. – М., Бизнес-школа «Интел-Сервис», 2005. –358 с.

6. Демеуова Г.Б. Конкурентоспособность экономики Казахстана // Вестник университета «Туран». - 2009. - № 1. – С. 55-58

7. The Global Competitiveness Report 2006-2007, 2007-2008, 2008-2009, 2009-2010, 2010-2011 World Economic Forum.

8. Белаш А.И. Опыт экономической интеграции в Европе// Сб. "Управление, регулирование и хозяйственный механизм регионального развития". - Москва: СОПС и ЭС, 1992; <http://www.dialogv.ru/uk/2002/n04/s02-4-05.htm>

Эта статья посвящена теме национальной конкурентоспособности. В статье раскрывается понятие конкурентоспособности национальной экономики, критерии оценки и пути повышения национальной конкурентоспособности.

This article devoted to the topic of national competitiveness. The article deals with the concept of national competitiveness, evaluation criteria and ways of improving national competitiveness.

Ж. Дүйсенбайқызы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТОҚЫМА ЖӘНЕ ТІГІН ӨНЕРКӘСІБІ КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫН ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі басты назар аудартатын бағыттарының бірі – жеңіл өнеркәсіп саласы. Бүгінгі күні тұтыну тауарлары нарығының арасында жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің нарығы – сыйымдылығы анағұрлым кең нарықтардың бірі, бірақ та ол кез келген елдің ішкі нарығының осал секторының бірі болып табылады.

Жергілікті шикізат ресурстарына бағытталған Қазақстанның тігін және тоқыма өнеркәсібі Алматыдағы трикотаж шұға және мақта иіретін фабрикаларымен, Семейдегі шұға комбинатымен және аяқ киім және шұлық фабрикаларымен, Қостанайдағы аяқ киім және тоқыма фабрикаларымен, Қызылордадағы және Семейдегі, Жабылдағы тері жасау кәсіпорындарымен, Алматылық мақта-мата, Қостанайлық камвал-шұға, Жамбылдық тері-аяқ киім жасау коминаттарымен, қарағандыдағы шұлық және аяқ киім фабрикаларымен,